

Сапақкөл орта мектебінің
«Ұшқыр ой алаңы»
дебат клубының
2022-2023 оқу жылындағы
жасалған жұмыстарының

Талдамасы

Дебат жетекшісі: Еркінова Жанаргүл Біржанқызы

Білімі: Жоғары


Педагогикалық өтілі: -

Біліктілігі: Педагог

Мамандығы: Тарих пәні мұғалімі

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Сапақкөл орта мектебінің «Ұшқыр ой» дебат үйірмесіне жетекші болып бекітіліп, тағайындалдым. 2022-2023 оқу жылына жоспарланған жылдық жоспар әзірленді. Дебат үйірмесіне екі топ-кіші топ (5-8 сынып аралығы), сонымен қатар үлкен топ (9-11 сынып аралығы) болып жас ерекшеліктеріне қарай бөлінді. Жыл басында дебат үйірмесінің уақыты белгіленді. Ең алғашқы «Ақ пен қара», «Ақиқат анық» т.б. мектепшілік сайыстар қыркүйек-қазан айларында өткізілді.





Желтоқсан айында жоспарлы түрде өткізілген Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайдың «Толық адам философиясы»» облыстық дебат турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысып ерекше ойын көрсетіп жүлделі 1-орынмен мектебіміздің «Жас толқын» фракциясы Тоғызбаева Әсел мен Жолдыбайқызы Әлия марапатталды.



Қаңтар айында өткізілген Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлттық пікірсайыс облыстық турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысқаны үшін кіші топтан Амангелдіқызы Қымбат пен Алшынбекқызы Сағыныш алғыс хатпен, дәл осындай мәтінмен жүлделі 1-орын алып, облысқа жолдама алған Тоғызбаева Әсел мен Жолдыбайқызы Әлия марапатталды.



Облысқа жолдама алып ақпан айында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында өткізілген Ұлттық пікірталас турнирінің облыстық кезеңіне қатысқаны үшін «Жас толқын» фракциясы марапатталады.



Наурыз айының аяғында мектепішілік «Ұлттық құндылық құдіреті» атты мектепішілік сайыс өткізіліп, «Эліта» фракциясы жеңіске жетті.



Дебат үйірмесінің жылдық қорытындысы бойынша мектебімізде бірқатар сайыстар өткізіліп ауданға жарыстарға жолдама алдық. Ауданымызда басқа мектеп оқушыларымен бәсекеге түсіп облысқа шейін барып көзге түстік.